

В. В. РАДЛОВТЫҢ «ТҮРКІ ТІЛДЕРІ СӨЗДІГІН ЖАСАУ ТӘЖІРИБЕСІ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ТӨРТ ТҮЛІККЕ ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

В. В. Радлов «Түркі тілдері сөздігін жасау тәжірибесі» атты 4 томдық енбегінде түркі тілдерінің лексикасын зерттеу барысында салыстырмалы-тариҳи әдісті түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне, лексикалық құрамына, грамматикалық құрылышына түгел қолданған.

«Түркі сөздігіндегі» 7500-ден астам фразеологиялық тіркестер кездессе, соның 3000-нан артығы мақал-мәтелдер [1].

Кезінде мақал-мәтелдердің айтушылары болған. Олар – ұлы ойшылдар, ақындар, шешендер, дана билер, казылар, қысқасы – терең ақыл иесі, өз дәүірінің озық ойлы кеменгерлері.

Мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздер ғасырлар бойы еленіп, екшеліп, сұрыпталудың нәтижесінде, аз сөзге көп мағына сыйдырып, өситет-өнегелік қасиетке ие болған. Мақал-мәтелдердегі қандай сөз болмасын, олар зор талғаммен өз орнында қолданылады. Оның үстінен өлең жолдарына ұқсас келіп, түрлі көркемдеуіш тәсілдер дыбыс үндестіктермен ұштасып жатады.

Мақал-мәтелдердің бойынан көркемдікті де, көсемдікті де және соны жеткізудің айшықтау тәсілдерін мейлінше мол қолданғандығын көруге болады. Соның бірі – қайталау тәсілі. Мысалы:

Шіддерлі атың ңұз атың, тұсаулә атың бос атың (Kir, IV, I, 1081).

Шіддерлі атың өз атың, тұсаулы атың бос атың.

Осы мақалдың табиғатына ден қойғанда, бір сөзді қайталау тәсілдерінен басқа көріктеу құралдарының бәрін де табуға болады, олар бір-бірімен тығыз байланысып, жарыса қолданылып, бірін-бірі толықтырып жаткан салмақты сөздер жиынтығы іспеттес.

Түркі мақал-мәтелдерінің көбі екі жолдан тұрады да, бірін екіншісіне тенеу үшін қолданылады. Мысалы:

Кассаба жақ қаіқусу,
кідчід жан қаіқусу (Krm, 358).

Қасапшыға май қайғы,
Қара ешкігे жсан қайғы.

Түркі тілдеріне арналған В.В.Радловқа дейін де көптеген сөздіктер жарық көрді. Олардың көпшілігі жеке түркі тілдеріне айрықша мән берген.

Қазактың мақал-мәтелдерін жинап, оның баспа бетінен шығуы XIX ғасырдың 2-жартысынан басталады. Ш. Уәлиханов пен В. Радлов ең алғашқы мақал-мәтелдерді жинастырғандар болып есептеледі. Ш.Ибрағимов қазақтың мақал-мәтелдерін 1874 жылы, А. Васильев 1892 жылы, В. Катаринский «Қазактың мақалдар жинағын» 1899 жылы Орынборда, Ф. Плотников Омбыда, П. Мелиоранский 1896 жылы жинаған мақал-

мәтедерін археология қоғамының Шығыс бөлімінің енбектерінде жариялайды. М.Искаков жинаған мақал-мәтедері 1914 жылы Қазан қаласында басылған, Ә. Диваев жинаған мақал-мәтедер «Туркестанские ведомства» газетінде жиі жарияланып тұрған. Басқа да жекелеген түркі тілдерінің мақал-мәтедері аузы әдебиетін зерттеушілердің назарына ілігеді.

Жалпы немесе көптеген түркі тілдерінің мақал-мәтедерін жинап, оларды бір-бірімен салыстырып, белгілі бір жүйеге түсірген зерттеу жұмысы В. В. Радловтың «Түркі тілдерін сөздігін жасау тәжірибесі» болып есептеледі.

«Түркі сөздігі» 1893 жылдан 1911 жылға дейін үш тілдік (туркіше – орысша – неміске) 7000 сөзді қамтитын 24 басылымда жарық қөрген. В. В. Радлов бұл сөздігінде 40-тан астам түркі тілдерін, олардың диалектілік өзгешеліктерін қамтитын көл-көсір материалдарды берумен қатар, сондай әр тілдің түпкі нұсқасын және мүмкін болған сөздіктерін пайдаланып, ғылыми айналымға енгізген. Сөздіктे зерттелмеген немесе аз зерттелген тілдердің диалектілерінің лексикалық материалдарына қоса В.В.Радлов өз колымен жинаған, зерттеген көне түркі жазба ескерткіштерін де мол пайдаланған.

«Түркі сөздігінде» әрбір сөздің мағынасы, атқаратын қызметі, сол сөздің басқа түркі тілдерінде қолданылу дәрежесі, синонимі, керекті жерде этимологиясы беріліп, дәлелденіп отырылады. Ол үшін автор сол сөзге тиісті белгілі бір контекстерді пайдаланған. Бұл мысалдардың көшілігінде мақал-мәтедер қолданылады, өйткені олар адам өмірінде, тұрмыс-тіршілігінде, қоғамдық өмірінде кездесетін әртүрлі күбылыстарға, маңызды оқиғаларға негізделген [1].

«Түркі сөздігінде» келешек үрпакқа үлгі боларлықтай, мәңгі өлмейтін, өшпейтін мақал-мәтедер көптеп табылады. Солардың ұлken бір тобы – төрт түлікке қатысты мақал-мәтедер.

«Түркі сөздігінде» төрт түлік малға байланысты мақал-мәтедер елеулі орын алады. Олардың ішінде көбірек көніл бөлінетіндердің бірі – жылқы, оның себебі түсінікті, өйткені жылқы мінсе – көлік, жесе – тамақ, ішсе – сусын. Мысалы:

*Алып жақсының аксы сядя ат үстендд
Чура арысаң (Schor.a.Osm.Dsch.Vig.; 267)*

Алып жақсының ана сүті ат үстінде жүре кебер.

Түркі мақал-мәтедерінің көшілігі ерте замандарда пайда болып, өзінің қалыптасу кезеңдерінде талай ғасырлармен бірге жасасқандықтан, әртүрлі өзгерістерге түсіп, жанарып, дамып отырған.

Түркі тілдеріндегі мақал-мәтедерге тән қасиеттердің бірі – тақырыптары мен мазмұндарының ортақтығы, ой бірлігі мен қолданылу аясының ұқастығы. В. В. Радловтың «Түркі сөздігінде» мақал-мәтедер көптеген түркі тілдерінде, олардың диалектілерінде өздерінің дыбыс жүйесін, сөздік құрамын және грамматикалық құрылышын сактап келгендігі сезіледі.

«Түркі сөздігінде» төрт түлікке қатысты мақал-мәтедер негізінен өзінің жалпы түркілік қасиетін сактаған. Бұл жерде түркі тілдерінің занды фонетикалық өзгешеліктері есепке алынбайды. Басқа тілдердің байлашқан қазақ тілінің жүз жылдан бұрынғы сөзінің өзінен де, кейбір дыбыстық өзгешеліктер сезіледі.

В. В. Радловтың «Түркі сөздігінде» мақал-мәтедерден бұл жалпы ұқастықтар жақсы сезіледі, өйткені олар мазмұн үндестігі мен қолданылу аясының бірлігін сактаған. Сонымен қатар, әрбір өзінің азды-кем өзгерістерін енгізіп отырған [1]. Мысалы:

*Арық малды арасаң, аузэн мурнәңmai болур,
Жаман кішіні арасаң, аузун мурнуң кан болур* (Kir, I, 268).

Камчіқа таш чідамас,

Тамчіқа таш чідамас (Turf. II, I, 495).

«Түркі сөздігінде» төрт түлікке қатысты көптеген мақал-мәтедердің мазмұны мен сарыны сакталғанмен, оның құрылышында кейбір өзгерістер пайда болған. Осыған байланысты айта кететін сөз о баста бірін-бірі толықтыру үшін екі тармақтан тұратын мақал-мәтедер қазіргі тілдерде бір-бірінен ажырап кеткендігі сезіледі. Мысалы:

*Ақ конуłдің аты арымас, тоны тозбас,
Каң болса кам болмас* (Kir., 95).

*Ақ көңілдің аты арымас, тоны тозбас,
Кең болса, кем болмас.*

Қазіргі казақ тілінде осы мақалдың 1-тармағы ғана «Ақ көңілдің аты арымас, тоны тозбас» деп қолданылады. Екінші тармағы «Кең болсан, кем болмайсың» деген варианта қолданылады. Ал кейбір екі тармақтан тұратын мақал-мәтедер алғашқы қалпын сактаған. Мысалы:

*Төрт аяқтыда бота тату,
Екі аяқтыда курдас тату* (Кир.; 906).

*Төрт аяқтыда бота тату
Екі аяқтыда боле (құрдас) тату.*

Бұл мақал-мәтелдердің беретін мағыналары бүгінгі түркі халықтарының мақал-мәтелдерімен мағыналас болып келеді. Біз қарап шыккан казак мақал-мәтелдерінің жинақтарында [2; 3] В. В. Радловтың сөздігінде берілген мақал-мәтелдермен мағыналастары жиі кездесті. Мұнан сол дәуірден өлдекайда бұрын басталып, күні бүгінге дейін өзегі үзілмей келе жатқан даналық дәстүрінің үлгісін көруге болады.

Көптеген мақал-мәтелдердің о баста фразеологиялық тіркестер түрінде қалыптасып, тағылым, өситет үйиткышына айналуы бірден бола қоймайды. Ол үшін болашақ мақал-мәтелдер тұлғалық жағынан ғана емес, мағына-мазмұн жағынан да эволюциялық дамуды басынан кешіруі қажет болған, яғни ол мақал-мәтелдерге койылатын шартты талаптарға – «тілге жеңіл, айтуға онтайлы, қоңілге қонымды, ақылға сыйымды болу» – сай болуға тиісті [4].

Мақал-мәтелдерді зерттегендеге, онын даму жолдары әртүрлі келеді. Бір жағдайда, мазмұнын сақтай отырып, орнын өзгертуі мүмкін.

Академик В. В. Радлов – өзінің ұзак, саналы өмірін түркі тілдерін зерттеуге сарп еткен ғалым. Ол түркі халықтарының көне жазба ескерткіштерінен бастап, ауыз әдебиетін, салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, тілдерін, олардың диалектілерін бір-бірімен салыстыра зерттеп, артына баға жетпес мұра қалдырған.

«Түркі сөздігіндегі» төрт түлікке қатысты қандай мақал-мәтел болмасын, бір тілде кездеспесе, басқа тілде сақталған. Қай тілде болса да, казак немесе басқа түркі тілдерге аударғанда, сол тілдердің мақал-мәтелі ретінде қолдана беруге болады. Бұл түркі мақал-мәтелдерінің тақырыптарының да, қолданылу аясының да, лексика-грамматикалық құрылышының да жалпылығының дәлелі. Демек, мақал-мәтелдер өситетнама ретінде түркі халықтарының ортақ қазынасы болып қоймaston, олардың бірін-бірі тез түсінісуге, өмірдің өзекті мәселелерін жүйелі шешуге жол көрсетіп тұрған іспепті.

Зерттеуші А. Нұрмановтың пікірінше, «Түркі сөздігіндегі» мақал-мәтелдердің тақырыптары мен мазмұндарының ортақтығы, ой бірлігі

мен қолданылу аясының кеңдігі, стильдік үндестігі сияқты жалпы түркілік сипаты сақталып қалғандығы байқалады.

Мақал-мәтелдер ғасырлар бойы еленіп, екшеліп, сұрыпталудың нәтижесінде аз сөзге көп мағына сыйдырып, оралымды оймен, үшқыр сөзімен өситетнама ретінде қолданылып келеді. Оның басты себептері: қандай мақал-мәтел болмасын, оның негізінде бір ой түйіні жатады. Сол оралымды «ой түйіні» талғап, таңдал алынған, әрі қыска, әрі нұсқа сөздер арқылы жарық көреді. Мақал-мәтелдердегі қайталау, тенеу, ұлғайту, кішірейту сияқты айшықтау тәсілдері мен дыбыс үндестігінің үштасуы олардың үйқастығын қүшайтеді, көркемдігін арттыра түседі. Демек, мақал-мәтелдер терен ой толғанысы мен сез маржандарының бірігуі арқылы үйлесім табады.

Мақал-мәтелдердің құрамы түркі тілдерінің қалыптасқан лексика-грамматикалық зандалықтарын сақтай отырып, әртүрлі кезеңдерге байланысты кейбір өзгерістерге түскен.

«Түркі сөздігіндегі» төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдерді қазіргі түркі тілдерімен салыстырғанда, бірінде жоғалып кеткендегі екіншісінен немесе үшіншісінен табылады. Ал, осы қағидаға бағынбайтын мақал-мәтелдер кейбір түркі халықтарының көсібіне, күн-көрісіне байланысты пайдала болған.

Әрбір ұлт тілінің өзіндік тұрмыс салтында, көсіби күн көрісінде, мінез-құлқында т.б. көптеген сол ұлттың ерекшеліктеріне байланысты мақал-мәтелдер пайда болып, дамып, жасарып-жанғырып отыруы мүмкін. Осылай бола тұрса да, сол мақал-мәтелдердің кез келген екінші бір түркі тілдерінің біріне аударсак, жаттығы, жасандылығы сезілмейді, сол тілдің төл туындысы болып шыға келеді. Бір ғана ескеретін жағдай – олардың негізінен дыбыстық өзгешеліктері ғана, ал лексикалық айырмашылықтары жоқтың қасында.

Мысалы:

Жақсы атқа бір қамши, жаман атқа мың қамши (Қаз.)

Яқии отға – бир қамчи, ёмон отғаминг қамчи (Өзб.)

Яғши ата бир ғамчы, яман ата мұң ғамчы (Түркм.)

Бұл салыстырылған мақал-мәтелдердің мазмұны мен қолданылу аясы бірдей. Барлығында да жақсы ат пен жаман ат туралы сез болып

отырған жок. Әңгіменің негізгі түйіні – жаксы адам мен жаман адам туралы.

Этностин өткендең тарихы мен этнографиялық байлығы көрінетін мақал-мәтеддер тарихынызды, халқымызды тануда маңызды төл тарихи деректеріміз. Мәселен, *сырын білмеген аттың сыртынан жүрме* деген мақалға зер салып қарасақ, жылқының қыр-сырына қанық казак халқы мінезін, қасиет-әдетін әбден білмейтін жылқы малының сырт жағынан жақын өтуге болмайтынын, себебі оның мінезі шайпау, өзі асau болып, теуіп жіберіп, бейтаныс адамға зақым келтіруі мүмкін екендігін білген. Қазір бұл мақал адамға қатысты «мінез-құлқын, жаксы-жаман қасиеттерін, ішкі сырын анық білмеген бейтаныс, сыр мінезд адаммен бірден араласып, бар сырынды, іс-тірлігінді айтып, ашып салуға болмайды, өйткені ол да, асau ат тәрізді, оқыс әрекет, жат қылық (қасқунемдік, сатқындық, пайдакорлық, екіжүзділік, күншілдік т.б.), жағымсыз мінезін көрсетуі ықтимал, сырын, ішкі жан дуниесін

жақсы білмейтін адаммен бірден етene араласып кетуден абай бол» дегенді білдіреді.

ӘДЕБИЕТ

1. Нұрмаханов А. В. В. Радловтың еңбегіндегі түркі мақал-мәтеддерінің лексика-грамматикалық сипаты. Алматы, 1994. 180 б.
2. Қазақ мақал-мәтеддері / Құраст. Ө. Тұрманжанов. Алматы: Ана тілі, 1997. 184 б.
3. Қазактың мақал-мәтеддері. Алматы: Көшпенделер, 2002. 272 б.
4. Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы: Тоганай Т, 2004. 560 б.
5. Мұсабаев F. Қазақ тілі мен грамматика тарихынан. I Бөлім. Алматы, 1966.
6. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Алматы, 1971.
7. Сарсенбаев Р. Лексико-стилистические особенности казахских пословиц и поговорок: Автoreф. канđ. дис. Алматы, 1961.

Резюме

Рассматривается структура пословиц и поговорок, связанных со скотоводством, встречающихся в трудах В. В. Радлова,